

12 Қыркүйек
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ЕЛЕУСІН АҒАМЕН КЕЗДЕСУ ЖҰРТ ЖАЛЫҚПАҰТЫН ЖИНАЛЫС

ЖУЫРДА ОЙЫЛДЫҚТАР БІР КЕЗДЕРІ «ЕЛДІҢ БАЛАСЫ» БОЛҒАН БҮГІНГІ ЕЛ АҒАСЫ – ЕЛЕУСІН НАУРЫЗБАЙҰЛЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ОЙЫЛҒА ДЕГЕН ҰҚЫЛАСЫМЕН СҮЙСІНТКЕН АҒАНЫҢ ӨҢГІМЕСІН ТЫҢДАУДАН ОЙЫЛДЫҚТАР ЕШҚАШАН ЖАЛЫҚҚАН ЕМЕС...



Түс өлетінен ауып кеткеніне қарамастан екі сағат уақыттың қалай тез өтіп кеткенін аңдамай қалдық. Аудан әкімдігінің мәжіліс залына жиналған жұртшылықпен кездескен қоғам қайраткері Елеусін Сағындықов алдымен алпыс жылға шегініс жасап, балалық шағы, жастық дәурені өткен Ойылдың бүгінгі тірлігіне сүйсінді.

Облысты басқарған тұстағы ел игілігі үшін барған тәуекелдің белесі мен жемісі, тізе қосқан азаматтардың еңбегі, өзінің өмір жолындағы алған «сабақтары» туралы тізбектегенде әңгімеге ұйыған жұрт айта түссе екен деп тілегендей... Тек Ойыл емес, облыста «қой үстіне бозторғай жұмыртқалатқан»

Елеусін ағаның қолтаңбасы кез-келген ауылдан кездесетініне тағы бір мәрте куә болдық. Бұғанасы бекімей жатып маңдай тердің дәмін татып, елу жыл еңбектің майданында шыныққан аға қазірде қоғамның тынысынан сырт қалмаған. Қашанда елдің алдында еңсесі биік Елеусін ағаға қойылған

сұрақтың дені еңбек тәжірибесі туралы болды. Ізгі лебізбен өрілген тілектерді «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Ғазиз Займолдаұлы ағамыз Елеусін Наурызбайұлының ел үшін атқарған еңбегі мен кісілік келбетін әсерлі әңгімемен түйіндеді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ

ЭЛЕКТР САМОКАТ ПЕН МОПЕДКЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ



Мемлекет басшысы 2023 жылғы 29 маусымда «Жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Заңмен «Жол жүрісі туралы» Заңға шағын электр көлік құралдары мен электр самокаттарды пайдалану регламенттеу бөлігінде заңнамалық түзетулер енгізіледі.

Осылайша, Заңға бұрын болмаған «электр самокат» және «шағын электр көлік құралы» ұғымы енгізілді. («Жол жүрісі туралы» Заңның 1-бабы 53-1) және 57 тармақшалары). Шағын электр көлігі құралы- электр қозғалтқышы бар электр самокаттар мен маподтерді қоспағанда электр қозғалтқышпен сүйретуден басқа, маподтерді, электр самокаттарды және велосипедтерді, сондай-ақ маподтермен, электр самокаттармен және велосипедтермен сүйретуге; 6. Көлік құралынан түспей, жаяу

жүргіншілер өткелімен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге; 7. Жол жүрісі қағидаларында айқындалған талаптарға сәйкес келетін, басқа көлік құралын жүргізушілерге көрінуді қамтамасыз ететін жарық шағылыстыратын затсыз жолдың жүру бөлігінде тәуелсіз қараңғы уақытында жүріп тұруға; 8. Жолдың жүру бөлігінде жүргізу кезінде түймеленген шлемсіз болуға тыйым салынады. Сонымен қатар электр самокаттардың жүргізушілеріне велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен жүруге рұқсат етіледі. Велосипед жолы, велосипед жүретін жолақ болмаған кезде электр самокаттардың жүргізушілеріне велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен жүруге рұқсат етіледі.

Электр самокаттардың жүргізушілеріне:

- Ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүруге;
- Жолаушыларды тасымалдауға арналған арнаулы бейімдемелері бар велосипедтермен және маподтермен тасымалдаудан басқа, жолаушыларды тасымалдауға;
- Тасымалдауға арналған арнайы бейімдемелері бар велосипедтермен және маподтермен жүкті, сондай-ақ габаритінен ұзындығы немесе ені елу сантиметрден артық шығып тұрмайтын сүйретуден басқа, маподтерді, электр самокаттарды және велосипедтерді, сондай-ақ маподтермен, электр самокаттармен және велосипедтермен сүйретуге;
- Трамвай жүретін жолдарда осы бағытта жүруге арналған біреуден астам жолағы бар жолдарда солға бұрылуға немесе кері бұрылуға;
- Маподпен және велосипедпен пайдалануға арналған тіркемені сүйретуден басқа, маподтерді, электр самокаттарды және велосипедтерді, сондай-ақ маподтермен, электр самокаттармен және велосипедтермен сүйретуге;
- Көлік құралынан түспей, жаяу

жүргіншілер өткелімен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге; 7. Жол жүрісі қағидаларында айқындалған талаптарға сәйкес келетін, басқа көлік құралын жүргізушілерге көрінуді қамтамасыз ететін жарық шағылыстыратын затсыз жолдың жүру бөлігінде тәуелсіз қараңғы уақытында жүріп тұруға;

8. Жолдың жүру бөлігінде жүргізу кезінде түймеленген шлемсіз болуға тыйым салынады. Сонымен қатар электр самокаттардың жүргізушілеріне велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен жүруге рұқсат етіледі. Велосипед жолы, велосипед жүретін жолақ болмаған кезде электр самокаттардың жүргізушілеріне велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен жүруге рұқсат етіледі.

Бұл ретте, 18 жасқа толмаған электр самокат жүргізушілерге өзімен бірге жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда, Қазақстан Республикасында берілгендерін қоспағанда, кез келген санаттағы көлік құралын жүргізу құқығына арналған жүргізуші куәлігінің не көлік құралын жүргізу құқығына арналған жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәліксіз жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен жүруге рұқсат берілмейді;

Жол жиегімен; Жаяу жүргіншілер жүрісіне қауіп төндірмей, сағатына алты километрден аспайтын жылдамдықпен тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруге рұқсат етіледі.

Шағын электр көлік құралдарының жүргізушілеріне:

- Рульсіз шағын электр көлігі құралдарын қоспағанда, ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүруге;
- Жолаушыларды тасымалдауға;
- Жүкті тасымалдау;
- Жолдың жүріс бөлігімен жүруге;
- Жақында велосипед жолы, велосипед жүретін жолақ болған кезде тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруге;
- Шағын электр көлік құралдарын, шағын электр көлік құралдарымен сүйретуге;
- Шағын электр көлік құралынан түспей, жаяу жүргіншілер өткелімен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге тыйым салынады.

Шағын электр көлік құралдары мен электр самокаттардың жүргізушілері жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзған жағдайда (мысалы, жолаушыларды тасымалдау кезінде) олар ӘҚБтК 593-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатады.

«Жол жүрісі туралы» заңда белгіленген өзге де талаптар орындалмаған жағдайда, олар ӘҚБтК-нің 620-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ардақ ҚАНГЕЛДИН,
Ойыл ауданы полиция бөлімінің бастығы,
полиция подполковнигі.

БЕЛ ШЕШІП, БІЛЕК СЫБАНА КІРІСЕТІН КЕЗ КЕЛДІ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛЖҰЛЫНЫҢ КЕЗЕКТІ «ӨДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН БАСТАН АЯҚ ТЫҢДАП ШЫҚТЫМ.

Жолдау - әділдікке, инклюзивтік және үнемшілдікке бағдарланған Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы ретінде ұсынылды. Адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістерге жауап беретін экономикалық және өндірістік жаңа реформаларды, соны технологиялық серпілістерді алға тартты.

Мемлекет басшысы осы бастамаларды жүзеге асыруға үш жылдық мерзімді, аса күрделі міндеттер үшін нақты межелерді белгіледі. Экономиканы әртараптандыру, мықты өндірістер іргесін қалыптастыру, отандық өнім өндірушілерді қолдау, туризм әлеуетін арттыру, ауыл шаруашылығын дамыту, агроғылымды өрістеті, энергетика саласын түбегейлі қайта қарау, т.б. сияқты ел дамуының негізгі драйвері болып табылатын тұстарына өзінің нақты шешімдерін жария етті. Ендігі, осы Жолдаудан көрініс тапқан және менің көңілімнен орын алған кейбір бастамаларға тоқтала кетсем...

«Жасыл» экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. 2010 жылдарға дейін «Жасыл экономика» ұғымы толыққанды ауызға алынған жоқ. Рио+20 саммитінен кейін бұл тақырып бүкіләлемдік өткір мәселеге айнала бастады.

Президент өз сөзінде:

- Теңгерімді қуат көздерін, энергияны шоғырландыру жүйелерін құру үшін тың шешімдер қабылдау қажет, - дей отырып, «жасыл» облигациялар тарту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығын басты алаңға айналдыру керек деп міндеттеді.

Атом энергетикасы саласы бойынша Президент Семей полигонының елімізге әкелген қасіретін және қоғамда болып жатқан түрліше пікірлерді ескере отырып, бұл маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді ұлттық референдум арқылы қабылдауымыз қажет деп түйіндеді. Су ресурсын тиімді пайдалану. Ата-бабамыз айтып кеткен «Судын да сұрауы бардын» заманы келген тәрізді. Қазақстан трансшекаралық су көздеріне тәуелді

ел екенін ескерсек, су саясатын оңтайлы ойластырып, достық қарым-қатынас аясында келісіммен шешу - Үкіметтің алдындағы маңызды міндеттердің бірі болмақ. Креативті индустрияны дамыту. Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» саласы дамыған елдерде инклюзивтік экономиканың қайнар көзіне айналып отыр. Иә, бұл сала біздің елімізде жаңадан қолға алынып, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында креативтік орталықтар құрылды. Алайда, Жапония, Корея, Қытай, Түркия мемлекеттері құсап индустрияның ерекше табыс көздеріне айналып кете қойған жоқ. Бір ғана мысал, Кореядағы PSY-дың «Гангнам стиль» трегі, BTS тобы мен күллі адамзаттың назарын аударған корей телехикаяларын еске түсіріп көрейікші...

Ал, бізде де осындай деңгейге жету үшін тыңнан түрен салмай өзіміздің Димашты отандық креативті индустрияның амбассадоры етіп шығаруға болады ғой.

Жасанды интеллект. Президент білім экономикасына тың серпін беруде жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдалану мәселесін күн тәртібіне шығарды. Бұл сөзді алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде, Жон Маккарти есімді азамат қолданған көрінеді.

Дәл қазір біз тарихымыздағы ең үлкен жетістіктердің ортасында өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект әрбір саланың және әрбір адамның болашағына әсер ететін негізгі күш болып табылады.

Осы орайда, мемлекет басшысы елімізде жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысатын кемінде үш белгілі жоғары оқу орнын ашуды көздеп отыр. Иә, бұл жолғы жолдаудың құндылығы - жоғары интеллектуалдық, инновациялық жолды таңдай отырып, ел дамуының жаңа бағытын айқындауында. Олай болса, Президентіміздің алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне үн қатып, Үкімет пен қоғам ымыраласа Жолдаудан туындаған күрделі де, келелі мәселелерді шешуде бел шешіп, білек сыбана кірісуіміз қажет!

Еркін ЖИЕНАЛИН,
«AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы.

ҚҰСІНЖЕРАЛІҚТІ ҚОЛДАУ - АУЫЛДЫ ҚОЛДАУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 1 ҚЫРКҮЙЕК КҮНГІ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА АУЫЛ-АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА ТОҚТАЛЫП ӨТТІ.

Барлығыңызға мәлім, қазіргі таңда «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске асып келеді. Осы ретте Президент «Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуға тиіс» - деп Жолдауында атап өтті. Ал біздің Ақтөбе облысында ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы қарқынды қолға алынып, табысты іске асып жатыр.

Осындай мемлекеттің қамқорлығының арқасында талай ауылдармен аудандар өркендеп, ауыл шаруашылығының жаңа қадамға жылжуына өз септігін тигізіп жатыр. Ең бастысы құжаттары талапқа сай болып, бағдарламаға алғашқы лекте қатысып, 2,5 пайызбен несие алған кәсіпкерлер өнімдерінің игілігін көре бастады. Сонымен қатар, мемлекет басшысы «Соңғы жылдары қабылданған шаралар шағын және ірі бизнестің тұрақты өсуін қамтамасыз етті. Алайда, орта кәсіпкерліктің даму қарқыны жеткіліксіз.

Жаңа экономикалық модельге сәтті көшу үшін оны іс жүзінде «қолмен» көтеру керек. Ең алдымен, орта бизнесті тежейтін кедергілерді жою қажет. Жасыратыны жоқ, оның көп бөлігі өсіп, шағын бизнестің «ыңғайлы» сегментінде қалу үшін бөлінеді. Үкімет Шағын кәсіпкерлік субъектілерін ірілендіруді ынталандыратын заңнамаға өзгерістер енгізуі тиіс. Елде нарықтарды белсенді игеретін табысты орта кәсіпорындар көп емес. Оларды қолдау керек. Олардың әрқайсысы үшін мүмкіндіктерді арттыруға және өндірісті екі-үш есе кеңейтуге бағытталған нақты жоспар құру қажет.

«Бизнестің жол картасы» және «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауын және жалпы халықпен бірге екенін тағы бір мәрте көрсетті. Осындай қолдаудан кейін кәсіпкерлер барын салып жұмыс істеуі тиіс. Өйткені, заңмен қорғалған бизнес қоғамға барлық қатынастар пайдалы.

Жасұлан ЕРЖАҢОВ,
«Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры.

«ӘЛИЯ – ҚАҢАРМАНДЫҚ ДАСТАНЫ»



Қаршадай ғана қазақ қызы небәрі 19 жасында ерлікпен қаза тапты. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында Әлия ел сүйсінерлік ерлік

жасап, өшпес із қалдырып кетті. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің Қобда аудандық бөлімінің «Құт қонған Қобда елінің батырла-

ры мен тарихи тұлғалары» және «Әлия - қаһармандық дастаны» атты жылжымалы көрмесін ұсын-ды. «Шұғыла» мәдениет және

демалыс орталығында ойылдықтар тағдыры ерлік жасаудан басқа жол қалдырмаған, ал ерлігі мәңгілік тағдырына айналған қазақтың батыр қызы туралы әдемі шараның куәсі болды. Шара барысында Әлия Нұрмұхамбетқызының өмірі мен ерлігі туралы мәлімет беріліп, шақырылған қонақтар ескелең ұрпаққа жылы лебіздерін айтып, тілек білдірді. Тағылымы мол шараға мәдениет қызметкерлері, зейнеткерлер, өлкетану клубының мүшелері мен оқушылар қатысты. Батыр қыздың өмірі мен ерлігін ұлықтаған шарада өмірбаяны, ерлігі, ескерткіштерімен тың зерттеулері жан-жақты бейнебаян, слайдтар арқылы көрсетіліп, таныстырылды.

Сонымен қатар облыстық тарихи-өлкетану музейі Қобда аудандық секторының меңгерушісі Гүлбаршын Ерғалиева «Әлия - қаһармандық дастаны» көрмесімен таныстырып өтті. Бұл шара келер жылғы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерей тойының бастамасы ретінде аталып өтілді.

НЕСИЕ АЛУДАН ЕРІКТІ ТҮРДЕ БАС ТARTY ТУРАЛЫ ӨТІНІШТІ EGOV МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ЖӘНЕ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА БЕРУГЕ БОЛАДЫ



Енді әр қазақстандық несие мен шағын несие алуға өз атынан ерікті түрде тыйым сала алады. Оны eGov mobile мобильді қосымшасындағы және eGov.kz электронды үкімет порталының жаңа сервисін қолдану арқылы жасауға болады. Сервистке өтінішті азаматтың өзі ғана толтыра алады.

Несиелер мен шағын несиелерді алуға тыйым салу 6 айға белгіленеді және бұл мерзім аяқталғаннан кейін автоматты түрде тыйым алынып тасталады. Сондай-ақ бұл шектейлерді кез келген уақытта ерікті бас тарту қызметін көрсетуді мерзімінен бұрын тоқтатуға өтініш беру арқылы алып тастауға болады «Бірінші кредиттік бюросымен бірлесе біз несиелер алуға ерікті түрде тыйым салу қызметін іске қостық. Бұнда несиеден өз еркімен бас тартуға азаматтың өзі ғана жүгінеді және өз бетімен бас тарта алады. Осы арқылы біз еліміздің азаматарына заңсыз несие алуға тырысатын көптеген алаяқтардан қорғауға көмектескіміз келеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Айта кеткен жөн, дәл осындай сервис Бірінші кредиттік бюроның (БКБ) сайтында ақылы түрде қолжетімді. «Электрондық үкімет» порталында өтініш берген кезде БКБ қызметіне жарамды өтінімнің бар-жоғына тексеру жүргізіледі. Мысалы, егер бұрын ол жерде сұрау болмаған болса, онда

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ПОДАТЬ ЗАЯВКУ НА ДОБРОВОЛЬНЫЙ ОТКАЗ ОТ ПОЛУЧЕНИЯ КРЕДИТОВ МОЖНО В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE И НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ

Теперь каждый казахстанец может добровольно установить запрет на оформление кредитов и микрозаймов. Для этого необходимо подать заявку в мобильном приложении eGov mobile либо на портале eGov.kz.

Подать заявку на сервис может только сам гражданин. Запрет на оформление кредитов и микрозаймов устанавливается на 6 месяцев и по истечению срока снимается автоматически. Также можно снять эти ограничения в любое время, подав заявку, только уже на досрочное прекращение оказания услуги добровольного отказа от получения банковских займов.

«Совместно с Первым кредитным бюро запустили сервис по добровольному запрету на оформление кредитов и микрозаймов. Тут нужно понимать, что только сам гражданин подает заявку на добровольный отказ от кредитов и вернуть его тоже может самостоятельно. Этим самым мы хотим лишь помочь гражданам нашей страны оградить себя от множества мошенников, которые пытаются оформить займы незаконным путем» - отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин.

Отметим, такой же сервис доступен на сайте Первого кредитного бюро (ПКБ) на платной основе. При подаче заявки на портале Электронного правительства осуществляется проверка на наличие действующей заявки по сервису ПКБ. К примеру, если там ранее не был запрос, то необходимо подать заявку на установку запрета. При наличии запроса (по желанию) можно подать заявку на его прекращение.

Сервис добровольного отказа от получения займов доступен в мобильном приложении eGov mobile на главной странице, в разделе «Популярные услуги».

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ТҮСКЕН ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ (2 ТАМЫЗДАН 18 ТАМЫЗҒА ДЕЙІН)

№	Ұсыныстар/ескертупер	Орындау мерзімі	Жауапты (Т.А.Ө. ММ басшысы, а.о. өкімі)	Бақылаушы (Т.А.Ө. аудан өкімі орынбасары)
1	Көптоғай-Қарасу көтерме жолының су жырған жерлерін қалыпқа келтіру.	2023 ж. аяғына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
2	Аманкелді ауылын көктемгі су тасқыны кезінде судан қорғайтын бейімделген дамба салу.	2023 ж. аяғына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
3	Қаракөл елді мекеніне ұялы байланыс мұнарасын орнату.	2023 ж. аяғына дейін	Д.Бисебаев	С.Сүлейменов
4	Екпетап ауылының істен шыққан жарық лампаларын ауыстыру.	2023 ж. аяғына дейін	А.Аманғосов	С.Сүлейменов
5	Ойыл-Ақшатау көтерме жолына ағымдағы жөндеу жұмыстарына ЖСҚ жасақтау.	2023 ж. аяғына дейін	А.Аманғосов	С.Сүлейменов
6	Ойыл селосының Жолмырзаев көшесі 42 көп пәтерлі үйіне аппаратын жол бөлігіне қиыршық тас төсеу.	2023 ж. аяғына дейін	А.Аманғосов	С.Сүлейменов
7	Ойыл селосының Алтынсарин көшесіне қиыршық тас төсеу.	2023 ж. аяғына дейін	А.Аманғосов	С.Сүлейменов

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ КҮШІНЕ ЕНУІМЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ НЕ ӨЗГЕРДІ?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі күшіне еніп, № 5211 Қағидалар қолданысқа енгізілумен қатар БЖЗҚ-дан белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібіне өзгерістер енгізілді.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап төлемдер зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру сәтінде белгіленген тәртіптен жүргізілетіні заң жүзінде белгіленген.

Бұған дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 жылғы №1042 қаулысымен бекітілген зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне сәйкес ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері алушының өтініш берген күнгі зейнетақы жинақтарының сомасын есептелген болатын.

Осылайша, № 521 Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, егер БЖЗҚ-дан төлем жасауды жүзеге асыру күніне зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса, бұл сома алушыға БЖЗҚ-дан біржолата төленеді.

Кесте бойынша төлем тәртібіндегі басқа тұстар өзгеріссіз қалды. Әлеуметтік Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау төмендегідей жүргізіледі:

Бұл ретте әйелдердің жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау былайша жүргізіледі:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін - 61 жасқа толғанда;
2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда;
2029 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда;
2030 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда;
2031 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толғанда.

Бұдан басқа, зейнет жасына дейін кесте бойынша төлемдер мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдарға

төленеді. Бірінші жылдағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру күніне қалыптастырылған зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің 6,5 % мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептеледі. Содан кейін алынған нәтиже 12-ге бөлінеді және БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері алынады.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнkerіс деңгейінің кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады. Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері жыл сайынғы зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайту жолымен қайта есептеледі.

Белгілі бір санаттағы алушылар үшін: мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ, зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары жиынтығында кемінде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған адамдар үшін түзету көтермелеу коэффициенттері көзделген.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Зейнет жасына байланысты кесте бойынша төлемдер тағайындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына жүгіну қажет.

1 немесе 2 топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар адамдар төлем тағайындау үшін БЖЗҚ-ға жүгінуі тиіс.

Мұны Қор бөлімшелерінің бірінде немесе eprf.kz сайтындағы Жеке кабинетте жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, осы санаттағы алушылар eprf.kz сайтындағы "Электрондық қызметтер" бөлімі арқылы электрондық өтінім беру арқылы БЖЗҚ мамандарының мобильді тобын шақыра алады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ЧТО ИЗМЕНИЛОСЬ С ВСТУПЛЕНИЕМ В СИЛУ СОЦИАЛЬНОГО КОДЕКСА?

С вступлением в силу Социального Кодекса Республики Казахстан и введением в действие Правил № 521 внесены изменения в порядок пенсионных выплат из ЕНПФ по установленному графику.

Законодательно установлено, что с 1 июля 2023 года выплаты производятся в порядке, установленном на момент осуществления пенсионных выплат.

Ранее в соответствии с Методикой осуществления расчета размера пенсионных выплат, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 02.10.2013 года № 1042, размер ежемесячной пенсионной выплаты рассчитывался от суммы пенсионных накоплений на дату обращения получателя.

Таким образом, согласно подпункту 1) пункта 3 Правил № 521 в случае, если сумма пенсионных накоплений на дату осуществления выплаты из ЕНПФ не превышает двенадцатикратный размер минимальной пенсии, установленной законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, данная сумма выплачивается получателю из ЕНПФ одновременно.

В остальном порядок выплат по графику остался прежним. В соответствии с пунктом 1 статьи 207 Социального кодекса назначение пенсионных выплат по возрасту производится:

При этом назначение пенсионных выплат по возрасту женщинам производится: с 1 января 2023 года до 1 января 2028 г. - по достижении 61 года; с 1 января 2028 года - по достижении 61,5 года; с 1 января 2029 года - по достижении 62 лет; с 1 января 2030 года - по достижении 62,5 лет; с 1 января 2031 года - по достижении 63 лет.

Кроме того, выплаты по графику до наступления пенсионного возраста осуществляются людям с инвалидностью 1 или 2 групп,

установленных бессрочно.

Годовая сумма пенсионных выплат в первый год рассчитывается как произведение суммы пенсионных накоплений, сформированной на дату осуществления пенсионных выплат, на ставку выплат пенсионных накоплений – 6,5 %. Затем полученный результат делится на 12 и получается размер ежемесячной пенсионной выплаты из ЕНПФ. При этом ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществляется в размере не менее 70% от прожиточного минимума. В последующие годы размер ежемесячной пенсионной выплаты пересчитывается путем ежегодного увеличения размера на ставку индексации пенсионных выплат – 5%.

Для получателей определенных категорий: людей с инвалидностью 1 или 2 групп, установленных бессрочно, а также людей, работавших на вредных и опасных производствах, чьи накопления сформированы за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов в совокупности не менее шестидесяти месяцев, предусмотрены поправочные повышающие коэффициенты.

Напомним, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете.

Для назначения выплат по графику в связи с наступлением пенсионного возраста необходимо обращаться в Государственную корпорацию «Правительство для граждан».

Люди с бессрочной инвалидностью 1 или 2 группы для назначения выплат должны обратиться в ЕНПФ. Сделать это можно в одном из отделений Фонда либо в личном кабинете на сайте eprf.kz. Кроме того, получатели этой категории могут вызвать мобильную группу специалистов ЕНПФ, подав электронную заявку на сайте eprf.kz в разделе «Электронные сервисы».

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

БЕСІНШІ ТҮЛІК


Содан соң, емшектері салақтап, қарындары ірк-ірк етіп, ауылға қарай тура шапсын. Бар торай-ын соңынан шұбыртып. Әрине, шабысы желіске жетпейді, жүрістері өнімсіз, қолбаң, бірақ тегеурінді, қайтаруға көбейді, айқайға тоқтамайды. Үлкендерін айтам. Қатар-қатар, болжыраған ит емшектері жусанның басын сызып, талпақ тұмсықты үшбұрыш ауыздарын ашып, қорс-қорс, еңтіге, ысылдай жүгіреді. Сүріне жығылған, шыңғыра үрейленген торайлар опыр-топыр. Сол беті өзенге бір-ақ түскен. Алдағы емес, артқы. Шырмауықты, тал, шілікті тоғай ішіне. Тұмсығын жерге сала еңкейгенде үш шошқа, отыз торайымен бірге. Мынасы тіпті қиын болды. Ауылдан басжіп әкелдік. Басжіп болғанда, ұзын үш арқан. Көденнің жарты қосын артқан жалғыз түйе қырда шөгіп жатыр. Үш мегежінді бітеу мойнынан шала алмай, қолтығынан тартып, желкөден байлаған едік, айдап, сүйреп, әрең жеткіздік. Содан соң түйеге тіркедік. Жүре бере тоқтадық, төрт торайымыз кем екен. Тал арасында қалып қойған ғой. Тауып алғанша тағы бірталай уақыт кетті. Не керек, қыр басына әрең шықтық. Сулы өзен – талы ойдым-ойдым, көгі астында керіле созылып жатыр. Жайлауға емес, ұжмаққа апарар даңғыл жол, рақатты мекен көрінген. Бірер шақырымнан аспайды. Біз үшін жердің түбі болып шықты. Үш мегежін тіркеліп, үстіне шошайған, жаман қос артылған қарақайыс түйені көзі бақырайған, бет-аузы қожалақ Шөшке кемпір жетелейді. Қалған екеуіміз – айдаушымыз. Мен мегежіндерге жауаптымын. Саңырау Көден – отыз торайға. Ол – жауу. Амалсыздан. Атын жетелеп алған, алдағы енелерінен қалмауға тырысып, қысқа аяқтарымен емес, бауырымен жорғалағандай, қыбырлап, әрең келе жатқан торайларды қисық таяғын шошандақ, тамағынан қарғындай айдайлап, күргейлеп қояды. Ал мен... мегежіндерді қамшымен жасақтап келем. Соның өзінде ілбінген түйеге әрең ілеседі. Кейде қорс етіп, тоқтап қалады. Мұндайда жон арқадан сегіз өрім қамшымен осып өтемін. Шошқа шіркін тапырақтап барып, қайта тоқтайды. Әйтеуір арқан ұзын. Әзірше шалыспай, жығылмай, жақсы келеді. Анда-мұнда қашуға мүмкіндік жоқ. Ойға түсіп, талды, көгалды арнаға жақындағанда арқаннан босаттық. Желке, қолтығы ысылып, қызырып қалыпты. Қолтық қана емес. Жон, жая, қос қабырға – қамшы тиген жердің бері айғыз-айғыз. Ертең басқарма, немесе басқадай арнайы уәкіл келе қалса, үлкен шатақ. Бірақ мен қорыққам жоқ, қысылдым. Жан иесінің обалын енді ғана ойлап тұрмын. Бұл доңыз шіркіндердің не жазығы бар. Төңірінің жаратқан бір мақұлығы. Бұрын бақтап түгілі сықыптын көрмеген қазақ арасына еріксіз айдап әкелді. Жиренгенім жөн, ашуым орынсыз, қинауым теріс. Енді қайтып қамшы көтермексе серт қылдым. Бұл кезде кішкентай торайлар әжептөуір артта қалған. Арқаннан босаған үш мегежін де бітеу бүйірлері солықтап, ауыздарынан қою сілекейлері шұбырып, төрт аяқтары қатарынан бүгіліп, боз жусан үстіне теңкііп жата-жата кеткен. Ал арттағы торайлар қып-қызыл, сап-сары болып, белес үстінде шашылып қалғандай. Быт-шыт, ұбақ-шұбақ. Кейін қарай шоқыттым. Көден шал жаяулаған қалпы, екі торайды екі қолтығына қысылты. Тағы төрт торай, екеу-екеуден, жетектегі аттың бөліне тасталған қоржынға салыныпты. Қалғандары, әбден талыққан, шаршаған, көздері кілбиіп, сүрі-

не тәлтіректеп, әрең келеді. Әудем жердегі енелеріне жетуден басқа ниет жоқ секілді. Алдыма екеу-екеуден алып, кезегімен тасып, жеткіздім. Шошқа болса да ене ғой, буындары бүгіліп, тұмсығымен топырақ сүзе, етпеттей жатқан мегежіндер торайларын көргенде қайта тірілгендей болды, күрсінді ме, ыңыранды ма, әлсіз қорсылдап, жамбастай ауыздарын ашып, қорс-қорс, еңтіге жиренішті, бірақ өздері үшін адал, сары уызды, қатар-қатар бозғыл емшектерге жармасқан. Сонымен, не керек, нешеме сағат бейнет шөгіп, небәрі екі шақырым ғана жерде тұрған өзенге күн бесінен ауғанда әрең жеттік. Шын рақатқа көнеліппіз. Талыққан шошқалар ғана емес, қажып шаршаған, шарасыз ренішті біздер де. Түйемізді шөгеріп, қосымызды тігіп, жақсы жайғастық. Ал шошқалар үшін нағыз мереке. Екінті өтпей, бәрі де оңалып қалды. Міне батпақ, міне су. Қамыс, қоға, балдыр. Бала-шағасымен тыраңдап жатыр. Өзіміз де шай қайнатып ішіп, әуірімізмен ес жидық. Сол кезде ғана түгендеген едік. Тағы екі торай кем шықты. Атқа мініп, желе-жортып, өткен жолымызды қарадым. Қарамай-ақ алыстан көрдім. Қарақұс қаптап кетіпті. Анау беткейде. Мынау қыранда. Жағдай белгілі еді. Саңырау, соқыр шал байқамаған ғой. Мен кейін қайрылып, мұқият тексермеген. Енді амал жоқ. Еріксіз шығын деп, өзімді жұбаттым. Күн ұясына қонарда тағы бір торайдан айрылдық. Мүмкін мана, ертерек кетуі де. Жар жиегінде, бозарған теңге танауымен жер сүзе, домаланып жатыр. Сірә, күн өткен. Немесе зорыққан. Сығырайған екі көзі қатарынан жұмылып, кішкентай жарғақ құлақтары жығылып, тып-тыныш, момақан кейіпке түскен. Доңыз десек те бала ғой, адамның жаны ашиды екен. Ендігі жол ұзақ болса да жеңіл еді. Жүрісіміз қыбыр болса да тоқтаусыз. Өзенді жағалай айдаймыз ғой. Аттарымызды жетелеп, жаяулап. Көгалды қабақ, бетегелі беткеймен. Бірер сағат көштен соң арнаға түсеміз. Қатарынан екі-үш сағат сулаймыз, батпақтаймыз. Шілденің күні ыстық қана емес, ұзақ. Күн көтеріле қозғалсаң, кеш батқанша бес-алты, тіпті – жеті-сегіз шақырымды жүріп тастайсың. Біз жолға шыққаннан бергі үшінші, әлде төртінші күн дегенде арттан көмекке бір арба, екі кісі жеткен. Кісі есебі ғана. Ойбай, мынау не пәле деп, шошқаны үлкені түгілі кішісіне құрық бойы жақындамайды. Беттерін теріс бұрып, мұрындарын баса тыржиып, тіпті, лоқсып жатқаны. Шошқашы шалды айналып өтеді. Шошқашы тұрыпты, менің өзімнен алысырақ тұруға тырысады. Доңыз баққан өзгеше кәсібіміз үшін ғана емес. Қоланса, ерекше иісі бойымызға сіңіп кеткен сияқты. Әуелгі күні, әлгі, алдыға алып, атпен тасып жүргенде күн қағып, дымы құрып шаршап, тышқақтаған торайлар менің омырауымды, шалбарымды майлап берген. Әрине, су мол, сабын да бар, киімді үш қайтара жуғам, өзім де терім қызарғанша ысыңғам. Сондағы нәжіс қана емес, әрине, үнемі араласып жүрген соң, доңыз жұпар өне бойымды түгел қармаған тәрізді. Өзім онша аңдамаймын, үйреніп кеткем, ал мына жігіттер ай даладан сезінсе керек. Әйткенмен, мүлде пайдасыз болмады. Бірі көштегі қара малға ие болды, екіншісі арбаға отырмай, жегіндегі өгізді айдаған. Ал арба үстінде – жыпырлаған торай. Түгел сыймады, әрине. Бастапқыда жиырма тоғыз еді ғой. Әуелі екеуі, одан соң біреуі, жолай және біреуі, тағы біреуі өлген. Қалған жиырма төртін теңдей

бөліп, кезектесе салып, түсіріп, ауыстырып отырдық. Міндетті шаруаға машыға бастаған шошқашы шал екеуіміз. Айтпақшы, бір мегежініміз ақсап қалған, мүлде жүре алмайды, жарым арбаны алып, теңкііп ол жатыр. Не керек, талай қызықтан соң, оншақты күн мұғдарында жайлауға да жеттік. Кең дара, қасқа бұлақ. Ақшатаудың қойнауындағы ең таңдаулы қоныстардың бірі. Бұлақ басындағы шоқ терек, қалың шілік демесек, арттағы фермаға жетпейді, қамысы аз, батпақ, қорысы жоқ. Бірақ жайсаң дүние, нағыз қан жайлау. Біз үшін. Шошқалар үшін де жаман емес еді. Әуелде. Күндіз қоңыржай, кешке салқын болғанымен, өрісі кең, жемі мол. Доңыздарымыз, үлкендері әбден майланып, кішілері домалана іріленіп, біздің өзіміз де арам малымыздың амандығына марқайып жүр едік. Самалды жайлау, кең өріске шыққанымызға түгел ризамыз. Әйткенмен не айтарсың, ақыр түбі апатқа әкелді. Тамыздың соңына жетпей, кенеттен күн суытқан. Ақшатаудың басынан қою, түйдек-түйдек бұлт көтеріліп, әуелі қара жаңбыр жауды. Арты бұршаққа айналды. Мен ғұмырымда ондай қалың, ірі бұршақ көрмедім. Қой құмалағынан әлдеқайда үлкен, түйе құмалағына тақау. Екі елі болып, ерімей, жер бетінде жатты. Кешіне үскірік қара суық соқты. Пана жоқ, қалқа жоқ, терісі жұқа, үсті жап-жалаңаш бар шошқамыз таң атқанша түгелімен қырылды да қалды. – Апыр-ай, – дедім мен. – Қиын болған екен. Жаныңыз ашыған жоқ па? – Қиын, әрине, – деді Қабен ақсақал. – Жан... шошқа қайда, әрқайсымыз өз жанымызбен қайғы болып кеттік. Айқай, аттан, есеп, жауап. Әйтеуір, абырой болғанда, мал шығыны да бар екен. Яғни қой. Күземге қырқылған. Кеп емес, әр отардан бес-он, жиырма-отыз дегендей. Сол сеп болды. Табиғат... құдайда да, адамда да жазық жоқ – табиғат кінәлі. Өлі бағындырып болғанымыз жоқ қой. Кей-кейде өстіп сабасынан шығып кететіні бар. Ферма басы, ықтасын өзен бойы, жылы қорада отыра берсе, түк те жоқ еді. Еруліге – қарулы, сөйтіп ақтағамыз ғой. Ақыры біздің басқарма қатаң сөгіспен құтылды. Мен жұмыстан шеттедім. Яғни, шошқа фермасының бастығы деген қызметтен. Енді онсыз да жоқ қызмет қой. Бірақ жарлықта солай жазылды. Қателік жіберген кісіге жаза қолдану шарт емес пе. Міндетіне салақ қарағаны, сеніп тапсырылған істі ойдағыдай атқара алмағаны үшін шошқа фермасының меңгерушісі қызметінен босатылсын деп. Соған риза болдық. – Басқа ауылдар... – Басқа колхоздар... Табиғат апаты дейсіз бе, құдайдың көмегі дейсіз бе, әйтеуір көлденең сеппен бар былғаныштан бір-ақ күнде құтылған – жалғыз біз екенбіз. Қалған жұрт тағы бірер жыл азап шекті. Азды-көпті торайлар күзге жеткендерінің өзі қыстан түгел шыға алмады. Одан қалғаны келер жазда. Райком бюросы: "Біздің артта қалған қазақы аудан шошқа өсіру сияқты озат шаруашылықты игеретін дәрежеге әлі жете алмай жатыр, бесінші түлік – шын асыл тұқымды өсіру – келешек, коммунизм күндеріне тиесілі" деген арнайы қаулы шығарыпты да, әр тұста там-тұм қалған бес-он шошқаны жинастырып, қалаға жеткізіп, түгел етке өткізіпті... – Сонымен бітті ме? – деп сұрадым. – Біткен жоқ. Райкомның бірінші секретары – майдангер, кеңқол-

ОБА АУРУЫ

ОБА – АДАМЗАТҚА ЕРТЕДЕН БЕЛГІЛІ ЕҢ ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ОБА – АНТРОПОНОЗДЫ, ЯҒНИ ЖАНУАРДАН АДАМҒА ТАРАЛУҒА ҚАБІЛЕТІ БАР АСА ҚАУІПТІ КАРАНТИНДІК ТАБИҒИ ОШАҚТЫ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ.



Обаның табиғи ошақтары Қазақстанның 41 % жерін қамтыса, Ақтөбе облысы аумағындағы обаның табиғи ошағының жалпы көлемі 139 мың ш/м, яғни облыс аумағының 46 % құрайды. Ойыл ауданы бойынша обамен қолайсы эпизоотологиялық аумаққа Қараой,Сарбие округтері жатқызылған.Осы аумақтағы контингенттер жыл сайын обаға қарсы вакцинацияланады. Ауылдық жерлерде адамдардың оба инфекциясын жұқтыру қауіпі негізінен далалық жұмыстар, далада демалу кезінде бұрге шағуынан және түйе малы арқылы жұғуы мүмкін

Обаның өкпелік,ішектік,тері-бүбандық,септикалық түрлері болады. Оба ин.фекциясының берілу жолдары:

- Трансмиссивті (кенелер,бүргелер шағу арқылы беріледі)
- Ауа-тамшылы (обаның өкпелік формасымен ауырған науқастан)
- Жанасу арқылы (мал сойғанда, терісін сыпырғанда)
- Ауру қоздырғышы бүргелермен тасымалданады, негізгі сақтаушысы кеміргіштер.

Обаның микробы жұққан жағдайда ауру белгілері 2-6 күннен соң пайда болады. Дене қызуының көтерілуі, бас ауыруы,лоқус,сандырақтау белгілері көрінеді. Ауру

кейде жеңіл өтуі де мүмкін. Ауру белгілері оның жұғу түріне байланысты болады. Аңның, тышқанның (қосаяқтың) терісін, обадан өлген түйені сойғанда жұқса, ол адамның қолтық пен тамақ бездері іседі. Ал бүрге, кене арқылы жұққан болса, шаққан жерге тағу бездер ісініп, қабынады, аяқтан шақса адамның шап бездері, кенеден, қолдан немесе мойнынан шақса сол адамның қолтық, тамақ бездері іседі. Қабынған бездерде қатты ауру пайда болып, қол тигізбейді. Без обасы асқынған кезде адамның өкпесіне шабады. Мұндай жағдайда науқас жөтелгенде, шашалғанда қан аралас қақырық тастайды. Ауру адамның сілекейіндегі микробтар үй ішіне тез таралып, сау адамдарға жұғуы мүмкін.

Ауруға қарсы алдын алу шаралары:

Тұрғын үйдің іші мен айналасында тазалықты сақтап,тышқандар мен бүргелерді жою шараларын жүргізу.

Жалпы ауылшаруашылық жануарды соның ішінде түйе соятын болсаңыз ветеринарға хабарлап тексеруімен,руқсатымен сою Вексеруден өткізгеніңіз дұрыс.

Вакцинация- оба ауруынан сақтандудың ең тиімді жолы.Екпені жоспарлы түрде және эпидемиалық көрсетілімдер бойынша жасайды.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	
Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің мұғалімі Қоғабаева Гүлданаға ардақты әкесі	
Қоғабаев Айдыңғалидың	
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	
Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы мен білім бөлімі Құрман орта мектебінің тарих пәні мұғалімі	
Қыстаубаева Ақтоты Тұрғанбайқызының	
дүниеден өтуіне байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	
Құрман орта мектебінің ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы әріптесіміз, тарих пәнінің мұғалімі	
Қыстаубаева Ақтоты Тұрғанбайқызының	
өмірден озуына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	
Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының кассири Мусағалиева Шаттыққа апасы	
Гүлмираның	
ауырып қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	
Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының кассири Дербіс Нұрғүлпең жеңгесі	
Жұмағалиева Әлияның	
ауырып қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефондары: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 1265 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

“ТІЛ - ТАТУЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ”

2018 ЖЫЛЫ 5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІНІҢ КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ. СЕБЕБІ, 5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӨДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ, АҒАРТУШЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ. ОСЫ ОРАЙДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІНІҢ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ “ТІЛ -ТАТУЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ” АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ.



Шарада аудан әкімінің орын-басары Мұратбай Айдарбаев көпшілікті мерекемен құттықтады. 5 қыркүйек - Қазақстан Халқы тілдері күні мерекесіне орай «Тіл жанашыры» номинациясымен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш класс мұғалімі, «Достық» қызығушылық клубының мүшесі Надежда Голикова, Сөркел орта

мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ақзия Шегетаева, «Қазақ тілі» қоғамы Ойыл ауданы бойынша филиалы төрайымы, аудандық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Марал Еркінова марапатталды. Қазақстан Халқы тілдері күні мерекесіне орай, Драматург, жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына арналған аудандық “Оралхан Бөкей

оқулары” байқауына қатынасып, жоғары дәрежеде өнер көрсеткен үміткерлер, «Латын әліпбиіне оқырмандық көзқарас» атты аудандық эссе жазу байқауына қатынасып, белсенділік танытқан үміткерлер, «Тілге құрмет – елге құрмет» атты аудандық зияткерлік ойынына қатынасқан оқу ордалары да аудан әкімінің алғыс атымен марапатталды. Мерекелік шарада аудандық ішкі саясат,мәдениет,тілдерді дамыту және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің қолдауымен аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен өткен Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған «Оралхан Бөкей- оқулары» атты аудандық байқауында Бас жүлде иегері Қараой мектеп-балабақшасының оқушысы Альбина Кеңес Оралхан Бөкейдің «Жесірлер» драмасы, сондай-ақ,II орын иегері Екпетал мектеп-балабақшасының оқушысы Гүлжайнар Дабылова Оралхан Бөкейдің «Анамның астауы» прозасынан үзінді оқыса, аудандық кітапхана ұжымы “Ұлт рухының алтын қазығы - тіл” атты кітап көрмесін ұсынды.

Г.АБАЙҚЫЗЫ

«ЕҢБЕКПЕН ӨСКЕН ШАҢЫРАҚ»

«ОТАН - ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ» - ДЕГЕН ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДІҢ МӨНІН АЙШЫҚТАЙТЫН «ОТБАСЫ КҮНІ» МЕРЕКЕСІ 2013 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА АТАП ӨТІЛЕДІ.



«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Еңбекпен өскен шаңырақ» осындай атаумен өткен шара отбасы күніне арналды. Ауданымызда шырайлы, шатығы мол отбасылар жетерлік. Сондықтан да кездесуге солардың бірқатары келіп, отбасылық құндылықтар турасында ғибратты әңгімелер айтты. Мерекелік кешті қорытындылаған

аудан әкімі Асқар Қазыбаев шараның маңыздылығына тоқталып, үлгілі отбасыларды құттықтап сый-сияпаттар мен кәсіпкерлер атынан ақшалай сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздарына өзінің құттықтау хатын тапсырды.

Мерекелік шарада аудан өнерпаздары әннен шашу шашса, аудандық оқушылар үйінің оқушылары бір сәт шығармашылық қиялға беріліп, "Отбасы - бақыт мекені" деген тақырыпты аша түсуге тырысты. Осындай берері мол тәрбиелік мәні зор шарада өз көрген-білгендерін бөлісіп көремендерге ерекше әсер беріп, ой салғандарына сенімдеміз.

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ – УЛЫ ГАЗВЕН УЛАНУ

Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқылы газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымында Ақтөбе облысында тұншықтырғыш газымен уланудың 4 жағдайы тіркеліп, 7 адам уланған. Сонымен қатар ауданымызда да ағымдағы жылдың 01 наурызында Көптоғай ауылдық округі, Амангелді ауылының 5 тұрғыны, оның ішінде 3-і бала тұншықтырғыш газымен улану диагнозымен ауруханаға түсті. Уландың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің түтін құбыры және түтіндігі күйден тазартылмаған. Қазіргі таңда ауданымызда жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Ауданымыздағы тұрғын үйлерге профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары

анықталуда. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құдыры мен мұжалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 х 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселмеген және т.б. Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңіздегі табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ кезіне қосып, қалыпты жұмыс жағдайына келтірулеріңізді сұраймыз. Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін өт жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет. Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек. Алдағы уақытта біле отырған жөн деп санаймын: Тұншықтырғыш газ немесе көміртек тотығы-түссіз, иісі жоқ газ, ауадан жеңіл. Тұншықтырғыш газ әр жолы ағаш,

көмір отынды жаққан кезде қалыптасады. **Тұншықтырғыш газымен улану себептері:** Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы). Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылғысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі). Адамның өрт ошағында болуы. Ауа алмасау нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау. Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тұма-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

АУЫСПАЛЫ КУБОК ҚАРАОЙДА ҚАЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА АЙТЫЛҒАН БАРЛЫҚ ЖАСТАҒЫ ЕЛ АЗАМАТТАРЫ АРАСЫНДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУ, АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ, ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ШЫҢДАУ, БОС УАҚЫТТАРЫН МӨНДІ ӨТКІЗУ МАҚСАТЫНДА ӨТКЕН ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗҒЫ АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Спартакиаданың ашылу салтанатына аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп спортшыларға сәттілік тілесе, ауданымыздың спорт ардагерлері жастарға бата берді. Спартакиада бағдарламасы бойынша 10 спорт түрінен (волейбол, шағын футбол, тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату, үстел теннисі, теңге ілу, аударыспақ, қол күрес, гір спорты) өтті. Осы спорт түрлері бойынша өткен жарысқа 8 команда (Ойыл, Қайыңды, Саралжын, Ш.Берсиев, Көптоғай, Сарбие, Қараой -1, Қараой -2) қатынасты. Волейбол, шағын футболдан өткен ақтық ойындар тартысты өтіп, көрермендер көңілінен шықты. Екі күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте Қараой ауылдық округі командасы 209 ұпай жинап, I орынға ие болып, ауыспалы кубокты жеңіп алса, 202 ұпаймен II орынды Көптоғай ауылдық округі командасы иеленді. Барлық спорт түрінен 176 ұпай жинаған Ш.Берсиев ауылдық округі командасы III орынға ие болды. Ал, тартысты жарыстарды жіктер болсақ, шағын футболдан III орынды Сарбие ауылдық округі командасы, II орынды Ойыл ауылдық округі, I орынды Қараой ауылдық округі иеленді. Волейбол сайысында (ер) III орын Саралжын ауылдық округі командасы, II орын Ш.Берсиев ауылдық округі, I орынды жеңіп алған Қайыңды ауылдық округі командасы

ие болды. Волейбол сайысында (қыз) III орын Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі командасы, II орын Қараой ауылдық округі, I орынды жеңіп алған Қайыңды ауылдық округі командасы. Қазақ күресі: 55 келі салмақ дәрежесінде III орын Е.Досжанов (Ш.Берсиев), II орын Д.Қабадуахитов (Ойыл), I орын Б.Мұхамбетов (Көптоғай). 60 келі салмақ дәрежесінде III орын М.Бақытжанов (Ш.Берсиев), II орын А.Құлмурзин (Ойыл), I орын Н.Мұхамбетов (Көптоғай). 66 келі салмақ дәрежесінде III орын Ғ.Ибрайым (Ш.Берсиев), II орын Н.Жұмабергенұлы (Көптоғай), I орын Ұ.Жұмағалиев (Қараой). 74 келі салмақ дәрежесінде III орын А.Ардақұлы (Ш.Берсиев), II орын А.Бисенғалиев (Сарбие), I орын Е.Сапаров (Қараой). 82 келі салмақ дәрежесінде III орын А.Қабдрахимов (Сарбие), II орын Берік Бекболат (Ш.Берсиев), I орын М.Бисембаев (Қараой). + 90 келі салмақ дәрежесінде III орын Е.Құлбаев (Қайыңды), II орын Ғазиз Нүрәлі (Саралжын), I орын Ә.Ақанұлы (Сарбие). Қол күрес: 60 келі салмақ дәрежесінде III орын Н.Демеуұлы (Сарбие), II орын Н.Жұмабергенұлы (Көптоғай), I орын Е.Жармағанбетов (Қараой). 70 келі салмақ дәрежесінде III орын А.Бисенғалиев (Сарбие), II орын Н.Сәрсенғалиев (Көптоғай), I орын Ұ.Жұмағалиев (Қараой). 80 келі салмақ дәрежесінде III орын М.Бисембаев (Қараой), II орын Е.Жабасов (Ш.Берсиев), I орын Р.Сағинов (Көптоғай). +90 келі салмақ дәрежесінде III орын Қ.Құсан (Ш.Берсиев), II орын Ш.Хасенов (Сарбие), I орын Б.Күзембаев (Қайыңды). Гір спорты: 60 келі салмақ дәрежесінде III орын Д.Дауабаяев (Қараой), II орын Б.Шыңғысов (Қайыңды), I орын Н.Смағұлов (Көптоғай). 70 келі салмақ дәрежесінде III орын Ш.Ботаев (Ш.Берсиев), II орын С.Саматұлы (Сарбие), I орын Н.Сәрсенғалиев (Көптоғай). 80 келі салмақ дәрежесінде III орын Е.Жабасов (Ш.Берсиев), II орын А.Қабдрахимов (Сарбие), I орын Р.Сағинов (Көптоғай). +95 келі салмақ дәрежесінде III орын Б.Күзембаев (Ш.Берсиев), II орын Е.Иманқұлов (Қараой), I орын А.Төлепберген (Көптоғай). Аударыспақ: 70 келі салмақ дәрежесінде III орын А.Теміржанов (Ш.Берсиев), II орын М.Ғұмаров (Көптоғай), I орын Б.Аубәкіров (Ойыл). 80 келі салмақ дәрежесінен жоғары III орын Б.Күзембаев (Қайыңды), II орын А.Құспанов (Қараой), I орын Ж.Елемесов (Көптоғай). Теңге ілу: III орын Е.Еркінжан (Қараой), II орын Б.Шыңғысов (Қайыңды), I орын М.Ғұмаров (Көптоғай). Тоғызқұмалақ (ер): III орын Қ.Сағынғанов (Ш.Берсиев), II орын Е.Садуов (Қараой), I орын Н.Арихов (Ойыл). Тоғызқұмалақ (қыз): III орын Д.Сәрсенова (Қараой), II орын А.Нұрғалиева (Саралжын), I орын А.Болатова (Көптоғай). Асық ату (ер): III орын С.Аманжолов (Қайыңды), II орын Ұ.Жұмағалиев (Қараой), I орын Ш.Есекенов (Ш.Берсиев). Бес асық (қыз): III орын А.Болатова (Көптоғай), II орын А.Елеуова (Ш.Берсиев), I орын Ш.Болатова (Қараой). Үстел теннисі (ер): III орын Е.Жиенбеков (Қараой), II орын Н.Мұқаншев (Ш.Берсиев), I орын Қ.Асылханов (Көптоғай). Үстел теннисі(қыз): III орын К.Егізбаева (Қайыңды), II орын М.Қажымұратова (Ш.Берсиев), I орын Н.Хамит (Көптоғай). Ауыл спортшыларының жазғы аудандық спартакиада қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге жекелей спорт түрлерінен өткен жарыста әр споршы грамотамен және демеушілердің қолдауымен қаржылай марапаттар ұсынылды.

СІБІР ЖАРАСЫ (КҮҮ ДІРГІ, ТОПАЛАҢ)

Қоздырғышы Бациллус Антрацис деп аталады, қозғалмайтын микроб таяқшалары, ауасыз жерде 12 градус жоғары t төменгі 45 градус аралығында өсе береді. Қолдасу жағдайда сыртқы қабат пайда болып (спора) ұзақ сақталады. Бұл ауруға адамнан бастап, барлық жан-жануар тез шалынады. Жұғуы (алименттарлық жолмен) арқылы және адамдар ауру мал сойғанда жарақаттанған тері арқылы жұқтырады. Клиникалық белгісі: дене қызуы жоғары 41-42°С, тыныс алуы қиындайды. Жүрек қағысы жиілейді. Ауру малдар 10-12 сағ. арасынан бастап 1,5-2 күн ішінде алдын алу шараларын жасамаса 10-12% дейін шарпылуы мүмкін. Инкубациялық кезең 1-3 күн. Аурудың өту уақытына байланысты: 1. Бір сәттік; 2. Жіті түрі; 3. Жітіден төмен түрі. Патанатомиялық өзгерістер: Өлексе қатты ісініп кетеді, ауыз, тыныс, нәжіс қуыстарынан ұйымаған қан ағады. Өлексе тез бұзылады. Қаны қара түсті қою ұйымайды, өлексе сіресіп қатып қалмайды. Сойып қарағанда тері асты, сөл бездері ісініп, ішкі ор-

гандардың барлығы қанталап кетеді. Көкірек іш қуыстарында қан аралас сұйықтық толған. Диагноз: Эпизоотологиялық көрініске, клиникалық жағдайына, ауру мал белгісіне қарап қойылады. Жазғы жайлау уақытында, бұрын ошақ болған жерде, жауын шашыннан кейін немесе жазғы тасқын уақытында немесе жаңа аударылған топырақ жерлерде малдардың тез өлуі, қуған тудырады. Лабораторияға құлақтан кесілген кесіндіден, көлеңкеде келтірілген қалың қан жағындысын жібереді, қан алған жерді күйдіріп тастайды. Қарасан, брадзот, газды ісік ауруы, пастереллез, улану т.б. аурулардан ажырата білу қажет. Күйдіргі ауруынан өлген малдың басқа аурулардан айырмашылығы (қарапайым белгісі) өлексе қатып қалмайды (сіресе болмайды). Өлеуменгітк желілерде Ақмола облысы, Үшқарасу ауылында адамдар арасында сібір жарасы анықталып, қазіргі таңда 12 адам ауру жұқтырғандығы анықталып, 20 шақты адам тікелей байланысқа түскені анықталып отыр. Мынадай жағдай Жамбыл облысында да болған. Екі жағдайдада ауыл шаруашылығы малдары

ветеринариялық мамандардың қарауынсыз сойылып, ауру мал еті мал бақташылар мен мал иелерінің ағайындарына таратылып берілген. Алматы, Астана қалаларына жөнелтілген, яғни айналысқа түскен. Ауырып тұрған ауыл шаруашылығы жануарлары сою алдында дене қызуын өлшеп, жағдайын қарап ветеринар дәрігердің рұқсатымен сойылуға тиісті. Шаруа қожалықтар мен жеке тұрғындар жануарларын бірдейлендіру, сібір жарасы ауруына қарсы вакциналау жүргізіп ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасына кіргізуге міндетті. ҚР АШМ ВБЖҚ Ақтөбе облыстық аумақтық инспекция басшысының төрағалығымен 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі онлайн өткізілген жиналыс хаттамасына сәйкес сойылып, құжатсыз тасымалданған мал еті алынып, ветеринариялық зертханаға сынама жіберіліп, қорытындысы шыққанша тәркіленеді. Жоғарыда жазылған міндеттер орындалмаған жағдайда, Әкімшілік құдық бұзушылық туралы ҚР кодексінің 406 бабымен әкімшілік шара алынатындығы туралы ескертіледі.

ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы